№6 (9996)
20 қаңтар
сенбі
2024 жыл

Жалағаш жаршысы

«zhalagash-zharshysy.kz» ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Ел жаңалықтары

БЖЗҚ 3,3 трлн теңгеден аса қаржы аударған

Қазақстандықтар тұрғын үй сатып алуға немесе емделуге 1,9 млн өтінішке сәйкес шамамен 3,8 трлн теңге көлемінде зейнетақы жинақтарын пайдаланған.

Естеріңізге сала кетейік, зейнетақы жинақтарын азаматтар БЖЗҚ-дағы зейнетақы жинақтарының тұрғын үйге, емделуге немесе басқарушы компанияларға аударуға қолжетімді сомасы шегінде бірнеше рет пайдалана алады.

2021 жылы қаңтардан бастап 2024 жылы 1 қаңтардағы жағдай бойынша «БЖЗҚ» АҚ салымшылардың (алушылардың) тұрғын үй жағдайларын жақсарту үшін зейнетақы жинақтарын пайдалануға берген 1 453 904 өтінішін орындады. БЖЗҚ қазақстандықтардың уәкілетті оператор-банктерде ашылған арнайы шоттарына 3,3 трлн теңгеден аса қаржы аударған.

Біржолғы зейнетақы төлемдерінің орташа сомасы – шамамен 2,3 млн теңге. БЖЗҚ емделу үшін жалпы сомасы 419,3 млрд теңге болатын 477 866 өтінішті орындады. Алынған соманың орташа мөлшері – 0,88 млн теңге.

Өтініштердің 96,5 пайызы стоматологиялық қызмет алу үшін, 2,5 пайызы офтальмологиялық қызметтерді алу бойынша орындалды. Қалған медициналық бағыттарға зейнетақы жинақтарының 1 пайызы пайдаланылған.

Вакцинаның 350 мың дозасы сатып алынды

Денсаулық сақтау вице-министрі Айжан Есмағамбетова адам папилломасы вирусына қарсы вакцина егу тәртібін түсіндірді. Министрлік 9 млрд теңгеге папиллома вирусына қарсы вакцинаны сатып алуды жоспарлап отыр. Жалпы Қазақстанға 350 мың дозасы жеткізіледі. Вакцина екі рет салынады. Ол 175 мың адамға жетеді.

– Негізі бұл вакцинаны 11-14 жас аралығында салуға кеңес беріп жатады. Біз 11 жастан бастап егеміз. Вакцина алғашқы жыныстық қатынасқа дейін салынуы қажет. Сонда тиімділігі жоғары болады, – деді Есмағамбетова сенатта өткен брифингте.

Оның айтуынша, вакцинация кезінде 11 жастағы қыздарға ғана екпе тегін салынады. Ал әйелдер ақылы вакцинаны іздеуі керек.

Айта кетері, папиллома вирусы жатыр мойны обырының қоздырушысы болып саналады. Қазақстанда жыл сайын 1800 әйел осы онкологиялық ауруға шалдығып, 600-і қайтыс болады.

«ЖЖ» ақпарат

Аңдатпа

Тұрмыстық зорлық-зомбылық тыйылмай тұр

4 →

Сауданы цифрландыру жаһанданып жатыр

Бүгінде біз үйде отырып-ақ азық-түлік, киім-кешек және басқа да тұрмыстық қажетті заттарды онлайн сатып алып, есігіміздің алдынан күтіп алатын жағдайға жеттік. Бұрынғыдай алдын ала сауда жасауды жоспарлап, оған уақытымыздың көп бөлігін жұмсамайтын да болдық. Осылайша заманауи қоғам қолма-қол ақша төлеуден бас тартып жатыр. Адамдар әмиянда ақша ұстаудың орнына қаражатын интернет қосымшалары арқылы басқарып, бірнеше төлем карточкаларын ғана алып жүретін болды. Бұл ыңғайлы әрі қауіпсіз. Мәселең, онлайн-сауда саласында satu.kz, technodom, kaspi.kz, flip.kz, AliExpress сияқты ірі ойыншылардың қызметі елімізде күннен-күнге жанданып, сұранысқа ие болуда.

Электронды сауда түсінігі елімізге 2005 жылдардан бастап ене бастады. Осы уақыттан бастап 20 жылдай уақыт ішінде кәсіпкерлер ғаламторда өз парақшасын ашып, кәсібін виртуалды әлемде ұсынуды үйренді. Қазақстандықтар негізінен интернет арқылы тұрмыстық заттар, киім-кешек пен аяқ киім, азық-түлік, косметика және дәрі-дәрмектер сатып алатын көрінеді. Алайда сарапшылардың сөзінше, елімізде интернет-бизнестің 90 пайызға жуығы міндетті түрде жабылып қалады екен. Оған себеп – тұтынушылардың көпшілігі ғаламтор дүкендерінің саудасына сенбеуі.

Статистикаға қазақстандық интернет пайдаланушыларының 11 пайызы интернет арқылы қызметтер үшін есеп айырылысады, тағы 11 пайызы интернет арқылы тауар сатып алады. Қазақстандықтардың интернетте жасайтын саудаларының 90 пайызға жуығы шетелдік интернет-дүкендерде жасалады. Сондай-ақ елдегі e-commerce нарығының басым бөлігі «Air Astana» мен «Қазақстан темір жолы» АҚ-ға тиесілі. Көбінесе баннерлік жарнаманың үлесі басым, ал интернет-жарнама жарнама нарығының 4 пайызын құрайды. E-commerce демекші, бұл нарықтың көлемі 400 миллион доллардан асса, жылдық өсімі 100 пайызды құрайды.

«Қазпошта» АҚ мәліметінше, электрондық сауда нарығының көлемі 2018 жылдың 5 айында 101 млрд теңгені немесе бөлшек сауда айналымының жалпы көлемінің 2,9 пайызын құраған.

Forbes басылымының жазуынша, электронды сауда әлемде үлкен сұранысқа ие. 2021 жылы жаһандық нарық көлемі 4,9 трлн теңгеге жеткен. Statista болжамы бойынша, 2025 жылға таман әлемдік e-com нарығы 7,3 трлн теңге межесін бағындырады.

Мысалы, Ресейде жұмысқа қабілетті тұрғындардың 30 пайызы интернет-дүкендер арқылы тапсырыс береді. Онлайн сатып алушылардың саны соңғы жылдары 2,5 есеге өскен. Электронды коммерциясы дамыған алпауыт мемлекеттерге келетін болсақ, ең алдыңғы орында 681 млрд доллармен Қытай алады. Артынша АҚШ (438 млрд доллар), үшінші орын Ұлыбританияға тиесілі (196 млрд доллар). Австралия мен Түркия елдерінде де аталған сауда түрі даму үстінде. Электронды сауданың өсу қарқыны 31 пайыздан 40 пайызға дейін екен. Ал осы аймақтардағы электронды коммерцияның даму деңгейі орта есеппен 17 пайызды құрайды.

Елімізде қолға алынған «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасының бір бағыты да осы – электрондық сауда. Жасыратыны жоқ, әсіресе коронавирустық пандемияда бұл өз кезегінде еліміздің күллі экономикасының қозғаушы күшіне айнала алды. Осы негізде бүгінде Үкімет қаулысымен іргелі реформалар жүргізілді.

Осы орайда апта басында ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында электрондық сауданы одан әрі дамыту мәселелері қаралды.

Сауда және интеграция министрі Арман Шаккалиевтың айтуынша, 2022 жылғы қорытынды бойынша елімізде электрондық сауданың үлесі 12,5 пайызды құраған, бұл – шамамен 2 трлн теңге. Өткен жылдың 11 айында электрондық сауда көлемі шамамен 2,2 трлн теңгені құрап, бөлшек сауда көлемінен 13 пайызға дейін өскен.

Министрліктің алдында электрондық сауданың үлесін 2030 жылға қарай 20 пайызға дейін жеткізу міндеті тұратыны заңдылық. Осы ретте аталған жұмыс шеңберінде танымал маркетплейстерде отандық өндіріс тауарларының ұсынылуын кеңейту, қойма және логистикалық инфрақұрылымды дамыту, сондай-ақ тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөнінде шаралар қабылданатын болады.

Премьер-Министр атап өткендей, қазіргі таңда әлем елдерінде электрондық сауда нарығы тоқтаусыз дамып келеді. 2025 жылға қарай әлемдегі интернет-сауданың үлесі бөлшек саудадан 25 пайызға асып түседі деп күтілуде. Бұған онлайн және офлайн-дүкендердің бизнес-процестерінің өзгеруі, өнімді орналастыру мен жарнамалаудың жаңа форматтары ықпал етіп отыр. Мұның барлығы сатып алушыларды кеңінен тартуға мүмкіндік береді әрі олардың уақытын үнемдейді.

Тағы да статистикаға сүйенсек, елімізде былтыр е-коммерция көлемі 2,2 трлн теңгеден асып, барлық бөлшек сауданың 13 пайызын құраған. Біздегі нарықтың ауқымды бөлігі шетелдік интернет-алаңдарға тиесілі.

Қорытындылай келе, Премьер-Министр бір ай мерзімде отандық онлайн-дүкендерді дамыту және отандық тауар өндірушілерді шетелдік интернет-алаңдарға шығару үшін тиімді шешімдер әзірлеуді тапсырды. Сонымен қатар Үкімет басшысы наурыз айының соңына дейін Ақтауда контейнерлік хабты және Құрық портында электрондық сауданың толыққанды логистика орталығын құруға кірісу қажет екенін айтты.

Жандос ЖАЗКЕН

Еңбек адамы

Тігінші Мейрамкүл

Жуырда бір құрбыма қонаққа бардым. Дәмді асқа толған дастарқанынан бұрын, көздің жауын алар әдемі мамық көрпешесі көзіме оттай басылды. Әрине нәзікжанды болған соң бұндай әдемілікті көзіміз шалып қалса, дереу қайдан алғанын сұрап, тапсырыс беруге асығамыз. Әңгіме барысында әлгі құрбымнан ісмер келіншектің мекен-жайын алып, жұмысына қарай бет алдым. Соңғы жылдары ауданда кәсіпкерлік саласының артып, шағын және орта бизнес саласының дамуына өзіндік үлес қосып жүрген нәзікжандылар туралы бірнеше мәрте газет бетінде қалам тербеген болатынбыз. Өздеріңіз білетіндей, ауданда кәсіпкерлік саласының көптеген түрі жоғары деңгейде дамыған. Соның бірі – тігін кәсібі.

ЖАЛҒАСЫ 2-БЕТТЕ.

Үкімет

Саланы дамыту күн тәртібінен түспейді

Үкімет отырысында еліміздің электр энергетикасы саласын дамыту мәселесі қаралды. Бұл жөнінде алдымен Энергетика министрі Алмасадам Сәтқалиев, KEGOC компаниясының басқарма төрағасы Нәби Айтжанов пен Самұрық-Энергоның басқарма төрағасы Қайрат Мақсұтов баяндама жасады.

Алмасадам Сәтқалиевтің сөзінше, Қазақстанның біртұтас электр энергетикалық жүйесі Ресей Федерациясы мен Орталық Азия елдерінің энергия жүйелерімен қатар штаттық режимде жұмыс істейді. Бүгінде елімізде 220 электр станциясы бар, оның ішінде жалпы қуаты 2,8 ГВт болатын 144 ЖЭК объектісі бар. Былтыр қуаты 495,6 МВт болатын тағы 16 ЖЭК объектісі іске қосылған. Станция жабдықтарының орташа тозу деңгейі 56 пайызға дейін төмендеген. Биыл 1 қаңтардағы жағдай бойынша жалпы қолда бар қуаттың көлемі 20,4 ГВт, жұмыс қуаты 15,4 ГВт құрады. Осы күзгі-қысқы кезеңде тұтыну максимумы 16,6 ГВт, ал генерациялау максимумы 15,1 ГВт құрады. Өткен жылы электр энергиясын тұтыну көлемі 115 млрд кВт/сағ, электр энергиясын өндіру 112,8 млрд кВт/сағ құрады. Бұл ретте көршілес елдерден электр энергиясын импорттау 3,4 млрд кВт/сағ, экспорт 1,4 млрд кВт/сағ құрады. Осы ретте министр энергетикалық қауіпсіздікті сақтау, ел экономикасы мен халқын сенімді энергиямен жабдықтау қажеттігін, сондай-ақ электр энергиясын тұтынудың жыл сайын өсетінін ескере отырып, жаңа энергия қуаттарын енгізу және қолданыстағы электр станцияларын жаңғыртуды жүзеге асыру қажет деп есептейді.

Бекітілген қуат теңгеріміне сәйкес 2030 жылға қарай резервтің қажетті деңгейі 17 пайыз болғанда, электр қуатының қажеттілігі 28,2 ГВт құрайды, бұл ретте жаңа қуаттарды ескере отырып, қолда бар қуат – 22 ГВт. Біртұтас электр энергетикалық жүйедегі электр қуаты тапшылығының көлемі 6 ГВт-тан асады, оның ішінде шамамен 4 ГВт – жаңа қуаттар. Орталық Азия елдеріндегі теңгерімді талдау 2030 жылға қарай 2,7 ГВт көлемінде электр қуаты тапшылығын көрсетіп отыр.

Энергетика министрлігі осы тапшылықты жабу және экспорттық әлеуетті ұлғайту үшін Электр энергетикасы саласын дамыту жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеген. Мұнда қосымша шамамен 26 ГВт жаңа қуаттарды енгізу қарастырылады. Бұл жоспар бұрын Президент жанындағы Энергетикалық кеңес отырысына шығарылған. Кейін мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың ұсыныстарын ескере отырып пысықталды. Мәселен, жұмыс істеп тұрған электр станцияларын реконструкциялау және кеңейту есебінен қосымша 5,6 ГВт іске қосылатын болады.

Маневрлік генерацияны іріктеу бойынша аукциондық сауда-саттықты өткізу аясында Ақтау, Атырау, Ақтөбе, Тараз, Қызылорда, Шымкент қалаларында жалпы қуаты 2,4 ГВт газ станцияларын салу жоспарланып отыр. Сондай-ақ қуаты 5 ГВт ауқымды жобалар стратегиялық инвесторлармен пысықталып жатыр.

ЖЭК секторының жоғары әлеуетіне байланысты ЖЭК жобаларын іріктеу бойынша аукциондар аясында Энергетика министрлігі 5 жылдық кезеңге аукциондық сауда-саттық өткізу графигін әзірлеп бекітті. Аукционға жалпы 6,7 ГВт шығарылады. Бұл ретте өткізілген аукцион қорытындысы бойынша 2027 жылдың соңына дейін 592 МВт енгізу жоспарланып отыр.

Жиында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Үкімет басшысына Қызылорда қаласындағы құны 215 млрд теңге, қуаттылығы 240 мегаватты құрайтын жаңа жылу-электр орталығының құрылысы туралы баяндады.

– Жаңа жылу-электр станциясы – тәуелсіздік жылдарындағы инвестор қаржысына салынатын ең ауқымды, теңдессіз жоба. Бу-газ орталығын әлемдік тәжірибесі мол «Акса Энерджи» түрік компаниясы салуда. Бүгінгі күннің өзінде инвестор 70 млрд теңгеден астам инвестиция бағыттады. Негізгі қондырғыларды дайындауға шетелдік компанияларға тапсырыс берілген, осы жылдың мамыр айында құрылыс алаңына жеткізіледі. Әкімшілік ғимараттар мен жұмысшыларға арналған жатақхана құрылысы аяқталып, жаңа жылу орталығы орналасатын жер дайындалуда. Құрылыс алаңында 220-дан астам жұмысшы және 50 ауыр техника жұмыс жасауда. Жазда 800-ден астам жұмысшы жұмылдырылмақ. Орталыққа дейін газ құбырын жеткізудің жоба-сметалық құжаттамасы облыстық бюджет есебінен әзірленіп, қаржы қаралды, мердігер мекеме анықталды, – деді аймақ басшысы.

Айта кетейік, нысанды 2025 жылдың тамыз айында іске қосу жоспарлануда. Үкімет отырысынан кейінгі мәжілісте Нұрлыбек Машбекұлы жылу-электр орталығы құрылысына қажетті қосымша жер учаскесін рәсімдеу жұмыстарын аяқтауды тапсырды. «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясына» Қызылорда қаласының электр жүйелерін жаңғыртуға 2024 жылға қаралған бюджет қаржысының тиімді игерілуін және жұмыстардың мерзімінде әрі сапалы жүргізілуін қадағалау міндеті жүктелді. «КЕГОК» АҚ Қызылорда өндірістік филиалы жоғары кернеулі электр желілеріндегі ажыратуды болдырмау үшін алдын алу шараларын қабылдауға, ал қала және аудан әкімдері желілердің тозу деңгейін төмендету бағытында жұмыстар атқаруға жауапты болмақ.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Құрмет

Аналар алқа тақты

Сәрсенбіде аудан әкімінің орынбасары Ғани Сүлейменов көпбалалы аналарды қабылдап, құрмет көрсетті.

– Қазіргі таңда елімізде әйелдер қауымының мемлекет және қоғам өмірінде алатын орны ерекше. Сіздер барлық маңызды салада нәтижелі еңбек етіп, елдіктің жүгін ер азаматтармен бірдей арқалап келесіздер. Шын мәнінде аруларымыздың ақыл-парасаты мен ерік-жігері жұртты әрдайым алға жетелейді. Бүгінде ауданда 1 382 көпбалалы отбасы есепте тұрады. Көпбалалы ана, наградталғандар саны – 1026. Оның ішінде 44 ана I және II дәрежелі «Ана Даңқы» орденімен марапатталса, 40-ы Кеңес одағының «Батыр ана» атағына ие болған, 304-і – «Алтын алқа», 638-і – «Күміс алқа» иегері. Сіздер отбасында жас ұрпақты тәрбиелеуде шексіз еңбек сіңіріп келесіздер, – деді Ғани Кенжеғарауұлы.

Сондай-ақ ол дүниеге 6 бала әкеліп, тәлім-тәрбие беріп отырған алтынқұрсақты аналарға «Күміс алқа» табыс етіп, құрмет көрсетті. Мұнан кейін аудандық аналар кеңесінің төрайымы Айқын Бектасқызы «Күміс алқа» иелерін құттықтап, бейбіт тірлік пен берекелі бірліктің, жарқын болашаққа деген сенімнің ұйытқысы болып отырған барша қыз-келіншектерге, аяулы аналарға ризашылығын білдірді.

«Күміс алқа» иегері атанған, өмірі өнегемен өрілген алтынқұрсақты аналар қатарында Жаңадария ауылының тұрғыны Эльмира Еркінбаева, Ақсу ауылының тұрғыны Әсия Күзембаева, Рабиға Қосжанова, Нұрсұлу Махашова, Мақпалкөл ауылының тұрғыны Ләззат Ерпанова, Мәдениет ауылының тұрғыны Тамара Абибуллаева және Жалағаш кентінің тұрғыны Айсұлу Далабаева бар.

«ЖЖ» ақпарат

Спорт

Тартысқа толы турнир

Дәуімбай елді мекеніндегі «Бодыбай Құлтекенов» атындағы жабық бассейн халықтың қажетіне жарап тұр. Әсіресе аталған нысан өңірдегі су спортына серпін беруге үлкен мүмкіндік болып отыр Бассейнде соңғы уақытта жастар арасында су спортынан түрлі жарыстар жиі ұйымдастырылуда. Күні кеше аудандағы мектеп оқушылары тағы да жүзуден бақ сынап, өзара мықтыны анықтады.

Бассейн директорының орынбасары Берікқазы Әуесбаев жарыс ұйымдастырылмас бұрын аудандағы барлық мекемеге алдын ала қатынас хат жолданатынын айтады. Өкініштісі, мұндай жарыстарға ауылдық елді мекендерден адамдар келмейді екен. Бірақ мұны директордың орынбасары түсіндірме жұмыстарының төмендігімен байланыстырады.

– Мәселен, бүгінгі турнирдің болатыны жөнінде аудандағы барлық білім ошағына алдын ала хат жолданды. Бүгін жастар бұл жарысқа көптеп қатысып отыр. Бірақ 14 ауыл бойынша тек бір ауылдан ғана жалғыз бала келіп отыр. қалған ауылдардан ешқандай қатысушы жоқ. «Таланттың бәрі ауылда» деген бар, олардың талабын шыңдауға осы мәселе қиындық тудыруда. Мен мұны оқушылар арасында ешқандай түсіндірме жұмыстарының жоқтығымен байланыстырамын. Болмаса кей кезде ауылдарға жаз мезгілінде жолымыз түсіп жатады. Сонда канал жағалап суға түсіп жүрген топ баланы жиі көреміз. солардың ішінен біреуі су спортына қызықпауы мүмкін емес қой, – дейді Берікқазы Әуесбаев.

Жүзу спортынан аудандық турнирге білім ошақтарынан 20 оқушы қатысты. Алдымен 13-14 жас аралығындағы оқушылар 50 метрді қысқа уақытта еңсеруге тырысса, 11-12 жастағы балалар 25 метрді бағындыруда өзара мықтыны анықтады.

50 метрді 37 секундта бағындырған Никита Романенко жарыстың тартысты өткенін айтады. №31 мектеп-гимназиясының оқушысы бұған дейін де жүзу спортынан алдына жан салмапты. Ол алдағы уақытта спорттың бұл түрінен ел мерейін үстем ету басты мақсаты екенін де жасырмады.

– Мәреге бірінші болып келдім, жарыс оңай болған жоқ. Қарсыластарымның барлығы дайындық үстінде жүрген сияқты болды. Ұйымдастырушыларға, жалпы осы жабық бассейнді салып берген ағаларға алғыстан басқа айтарым жоқ. Мен алдағы уақытта су спортынан ел мерейін үстем етіп, көк туымызды биіктен желбіретуді армандаймын. Ал осы мақсатта ізденуге бұл нысанның маған пайдасы мол, – дейді турнир жеңімпазы.

13-14 жастағы оқушылар арасында 50 метрді 43 секундта еңсерген Серік Рамазан мәреге екінші жетті. Ал дәл осы межені 47 секундта жүзіп өткен Мейрамбек Жанәділ үздік үштікті түйіндеді.

25 метрге жүзген оқушылар арасындағы сайыс та тартысты өтті. Бұл додада мәреге 22 секундта жеткен №123 мектеп-лицейінің оқушысы Дінмұхамед Мұратбекұлы турнир жеңімпазы атанды. Ал дәл осы межені 24 секундта бағындырған Қайыржан Ғалымжан екінші орынға жайғасса, Батыр Қаппар үшінші орынға тұрақтады.

«ЖЖ» ақпарат

Тігінші Мейрамкүл

Мен іздеп келе жатқан тігінші келіншек Қаракеткен ауылының тұрғыны екен. Бос уақытын тиімді пайдаланып, сүйікті ісін кәсібіне айналдырған Мейрамкүл Исаева анасынан дарыған өнер бойынша тігін тігумен айналысады. Бала күнінен анасының жанында жүріп, тігіншілікке қызыққан ол жастайынан бұл мамандықтың қыр-сырын жақсы меңгерген. Тігіншілікпен айналысқанына 10 жылдан асқан кейіпкеріміз бұл кәсібін тек хоббиі ретінде көреді. Бойындағы тігін өнеріне деген бейімділігінің арқасында талабын ұштай түскен ол кәсібіне тұрақты тапсырыс берушілер де қалыптастырып үлгерген.

Кейіпкеріміз мамандығы есепші болса да, бала күнінен басталған қызығушылығы мен дарынын тың идея, мол тәжірибемен ұштастырып, бүгінде жұмысының жемісін көруде. Оның қолынан шыққан қыз жасаулары мен тіккен көрпе-төсегі тұтынушылар тарапынан зор сұранысқа ие.

– Бала күнімнен анамның жанында жүріп үйренген өнерім бүгінде кәсібіме айналды. Соның арқасында нәсібімді тауып, халықтың алғысын алудамын. Алғашқыда маталардан қалған қиындыларды құрап, жеңіл көрпешелер жасауды меңгердім. Уақыт өте өзіме және балаларыма қажетті киімдер тіге бастадым. Кейін ауыл тұрғындарының «Мейрамкүл, мына көйлекті қысқартып берші» немесе «мына көрпешең әдемі екен, маған да тігіп берші» деген өтініштері бойынша жәймендеп тапсырыс ала бастадым. Қазір көбіне қыз жасауын тігемін. Себебі қазір аналар қауымы тұрмысқа шыққан қызының артынан әдемі қиындылардан құралған құрақ көрпе, көрпешесін апарады. Одан бөлек бесік жасауын да жасаймын. Жапқыш, жастыққа нәрестенің атын жазып, қалаған суретін салып беремін. Тұтынушыларым тек осы ауылда ғана емес, көршілес ауыл, ауданда да бар. Олар көрпе-төсектен бөлек киім тіктіруге немесе қысқартуға тапсырыс береді. Арасында қазақы киімдерге де тапсырыс қабылдаймын. «Instagram» әлеуметтік желісінде арнайы парақшам бар. Сол парақша арқылы басқа қаладан тапсырыс бергендер де болды. Бүгінге дейін бірнеше қаладан қыз жасауына тапсырыс түсіп, иелеріне жіберген болатынмын. Көздің жауын алар ерекше туындылардың артында әрине үлкен еңбек пен асқан шеберлік жатыр. Десе де күндіз-түні ыждағаттылықпен көз майымды тауысып тіккен еңбегім тұтынушының алғысын алғанда текке кетпегенін түсінемін, – дейді ол.

Талғампаз тұтынушылар көңілінен шығу үшін ұзақ уақыт пен асқан шыдамдылықты талап ететін тапсырысты кейіпкеріміз шамамен 1 жарым, 2 аптада, тұтынушының талғамына сай етіп дайындауға тырысады. Заманның талабы мен ағысына қарай еңбек ететін кейіпкеріміз үнемі ізденіс үстінде жүретінін де тілге тиек етті. Он саусағынан өнер тамған Мейрамкүл – бүгінде шебер тігінші болумен қатар берекелі шаңырақтың отанасы, 4 қыз 3 ұлдың аяулы анасы, 2 немеренің асыл әжесі.

Кәсіпкер келіншектің айтуынша, қыздары да аналарынан дарыған тігін өнерінен кенде емес. Ол тапсырыс көп болған кезде қыздарымен бірлесіп жұмыс жасайтынын да жасырмады. Ортаншы қызы Аяжан қазіргі таңда Астана қаласында «Басқару» колледжінде дизайнер мамандығының 4 курс студенті. Анасының жолын жалғаған бойжеткен алдағы уақытта бұл салада үлкен жетістіктерге жетіп, анасына қолғабыс етуді көздеп отыр.

– Мен Мейрамкүл апайдың қолынан шыққан қолөнерлерін ең алғаш «WhatsApp» әлеуметтік желісіндегі жарнама чатынан көріп, хабарластым. Жақында ғана босанған қызымның баласына бесік апаратын болғандықтан, ол кісіге бесікке жасау жасаттым. Арнайы жапқыш, бөстек, жиен немеремнің аты-жөні жазылған көрпе, жастық пен ойнағанда жұмсақ болсын деген ниетпен әдемі мата қиындыларынан құралған допқа да тапсырыс бердім. Мейрамкүл апай тапсырысты межелеген күннен бұрын мен ойлағаннан да ерекше етіп әзірлеп берді. Оның маталарды үйлестіріп тіккен тігісіне қарап, жұмысын зор ынта-жігерімен, асқан шеберлікпен тіккенін аңғаруға болады, – дейді Ақсу ауылының тұрғыны Ақбота Смайлова.

Ол шебердің жұмысына тәнті болған, тұтынушы бұл тапсырыстан кейін кейіпкеріміз Мейрамкүлге бірнеше рет тапсырыс беріп, үйінде той-томалақ болатын жақындарына оның жұмысын бөліскен.

Үйінің бір бөлмесін шағын цех қылып ашып қойған Мейрамкүл болашақта кәсібіне қаржылай қолдау табылса, өзі сияқты қолы икемді, тігінмен айналысқанды жаны сүйетін ауылдың қыз-келіншектерін тұрақты жұмыспен қамтып, кәсібінің көкжиегін кеңейтуді көздеп отыр.

Әңгіме барысында шебердің жұмысымен толыққанды танысқан мен де өзіме арнайылап көрпеше мен той-томалаққа қажет болатын көздің жауын алар әдемі моншақпен безендірілген көрзеңкеге тапсырыс бердім.

Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ

БАСЫ 1-БЕТТЕ.

Тарих

«Қожанияз» қамалын қазақтар қалай талқандады?

Сыр өңірі – көне із бен тарихи белгі, ғасырлық ескерткіш пен дәуірлік мұраларға бай мекен. Мұндай құнды мұра аймақтың әр өңірінде, тіпті Жалағаш ауданы маңында да жетерлік. Еріксіз тарихқа сапар шектіретін орынның бірі – Қызылқұмдағы Аққыр ауылының солтүстік батысындағы «Қожаниязның қамалы».

Қызылқұмнан жазыққа ілінген бетте орналасқан ескі қаланың жұрнағы жергілікті халыққа жақын таныс. Заманның көзіндей көрінген қаланың құланды қалың қабырғалары қойнауына сыр бүгіп, жанына таяған жанды терең бір сырлы уақытқа жетелейді. Себебі «Қожанияз» қамалынан қалған сарқыншақ ел басынан өткен күннің куәсі, бүгінге жеткен дәлелі іспетті еді.

Жалпы бекініс Жент қаласының солтүстік батысында, Майлыөзек өзенінің оң жағасында орын тепкен. Бүгінде ескі қорғанның аумағы 6 гектарды құрайды. Орталық бөлігінде ұзындығы 85 метр, ені 90 метр болатын қам кесектен салынған қабырғаларының құландылары қалған. Қамал құрылымы өз дәуіріне сай соғысқа қолайлы әдіспен салынған. Мысалы, зерттеу нәтижесінде бекіністің дуал-қабырғаларында сыртқа қаратып оқ ататын арнайы тесіктері және қорғанның әскери күші 150-200 атты сарбаздан тұрғаны анықталған. Ал осы кезге дейін жеткен қорғанның биіктігі 2,5-3 метр де, қалыңдығы 4 метрді құраған деседі.

Бекіністің сыртқы іргелері де өзгеше. Олар дөңгеленте салынып, шеті Майлыөзек арнасына барып тірелген. Қорғанда қала бегінің жайы, тұрғын үйлер, әскери-шаруашылық нысандар мен азық-түлік, қару-жарақ сақтайтын қоймалар орналасқан. Қамалдың оңтүстігінде дуалдан сыртқа қарай шығыңқы етіп салынған екі күзет мұнарасымен қорғалған қала қақпасы орналасқан.

Бұл қамалдың тарихы да ерекше. XIX ғасырдың отызыншы жылдары Хиуа ханды ғы Сыр бойына әмірін жүргізу мақсатында осы маңнан әскери бекініс тұрғызуды жоспарлайды. Ойға алған іс орындалып, қорған құрылысы да аяқталады. Содан Қожанияз есімді Хиуа бегі қамалды жергілікті қазақтардан алым-салық алып отыратын орталыққа айналдырып, түрлі құйтырқы әрекетін жүзеге асырған. Мәселең, қорғанның алғашқы басқарушысы әрі әскербасы болған Қожаниязға жасауылдары сол маңдағы көрікті қыз-келіншектерді тарту етіп, көңілінен шығуға тырысқан көрінеді. Мұндай бассыздыққа қарсы шығып, тойтарыс беруге көшкен қазақ ауылдары жау әскерінен зәбір көріп, жапа шеккен екен.

Аталған қорған туралы орыс деректерінде нақты көрсетілген. Соның бірінде қорған туралы мынадай мәлімет келтіріліпті:

«...хивинцы продалжали собирать зякет с приверженных Иликею ордынцев и пользовались малейшим поводом грабить и притеснять их. В это время сборщиком зякета... был махрем Ходжа-Ниязбай, который имел на Кувандарье крепость и войско... В крепости этой постоянно находится два орудия...».

Көрсетілген жазба деректер меңзегендей, Хиуа бегі жергілікті қазақтарға зәбір көрсетіп, ауылдарды талқандап, қыздарын тартып алып, мал-мүлкін талан-таражға салған. Елін қорғаған талай батырлар қан-қасап майдан жүргізіп, бірде жеңіп, бірде жеңіліс тауып отырған. Сондай шайқастың бірінде жау қолына түскен Сарман батырды Үбіс би Жанайұлының ажалдан арашалаған оқиғасы аңыз болып ел аузында қалған.

Оқиғаның мән-мазмұны былай өрбиді. Бірде батыр әрі балуан Сарман сапарда жүргенде Хиуа бегі Қожаниязды салық жинаушы сарбаздары Сарман батырдың ауылын шауып, қорадағы малдары мен ауылдағы бірнеше қыз-келіншекті зорлықпен атқа өңгеріп алып кетеді. Осылардың ішінде Сарман батырдың қарындасы да бар екен. Ауылда ағасының болмағанына өкінген ару көзінен жасы бұлап, кете барыпты.

Кейін сапардан оралған Сарманға ауылдағы ағайындары алдынан шығып, болған оқиғаны баян етеді. Ашуға булыққан Сарман сол сәтінде атына мініп, сарбаздарымен бектің жасауылдарының ізіне түседі. Көп ұзамай Сарман батыр сарбаздарды бек қорғанына таяп қалған маңда қуып жетіп, оншақты жасауылды шоқпармен жайратады. Осылайша қарындасы мен тұтқындарды босатып, мал-мүліктерімен елге кері қайтыпты. Содан бек әскерінің аман қалған сарбаздары жараланған күйде қорғанға жетіп, болған жайды хабарлапты.

Сарманның қылған әрекетіне кектенген Қожанияз қорғаннан алпыстай сарбаз аттандырып, Сарманның ауылына арнайы жібереді. Саны көп жау түнделетіп батырдың ауылын қоршап, елді дүрліктіріп, ауыл адамдарын соққыға жығып, Сарманды қол-аяғын байлап бектің алдына алып келеді. Содан Сарман батырдың ауылдастары беделі жоғары Үбіс биге дереу хабар жіберіпті. Себебі Үбіс би қазақ арасында қамқор пейілді, ақылы асқан даналығымен қадірлі болса, Қожаниязға да беделі жүретін тұлға болған екен. Би жай күнде өгіз мінсе, тек ұзақ сапар мен жауға аттанғанда ғана есік пен төрдей жарақты ат тақымдапты. Кей деректерге қарағанда болмысы қайсар тұлға қайыс белдігінен ұзындығы екі қарыс қысқа қылышы түспеген, қорамсағы үнемі жебеге толып жүретін, атқаны мүлт кетпеген мерген болған деседі. Содан болар Хиуа бегі Қожанияз үнемі Үбіс бимен санасып, бетіне келмепті. Тіпті Үбіс би Қожаниязды кейбір негізсіз салған салықтарын төлеуден де бас тартқан көрінеді.

Сарманның тұтқынға түскенінен хабардар болған Үбіс би ертесіне бес қаруын асынған сайдың тасындай сақа жігіттерді сайлап, бектің қорғанына беттейді. Қожанияз Үбіске: «Уа, Үбіс би, менің сол жағым әрқашан өзіндікі» деп ордасына барғанда үнемі өзінің сол жағынан құрметпен орын береді екен. Бұл жолы сол үрдіспен құрмет көрсетіп, Үбіс биге сыйлы орынды нұсқапты. Үбіс би орынға жайғасып, алдына әкелген сусыннан ұрттап, келген шаруасын айта бастайды. Әңгіменің ауанын байқаған Қожанияз Сарманның жеті жасауылды өлтіргенін, сәйкесінше жаза да ауыр болатынын жеткізіп:

– Уа, Үбіс би, сен шариғат жолымен жүретін адамсың, Сарман мойнына жеті адамның қанын жүктеп отыр. Мұндай жағдайда ол тірі қалуға тиіс емес. Мұндай бұзықтардың жанын жаһаннамға жіберіп, тозақ отына күйдіру керек емес пе, – дейді қуланып.

Сонда Үбіс мысқылмен кеңк-кеңк күліп:

– Әй, бек, сен өзіңнің мойныңда қанша қазақтың қаны бар екенін, қанша қазақ қыздарының көз жасы бар екенін есептедің бе? Оның үстіне сен Сарманды өлтіргеніңмен оның жаны тозаққа бармайды, бейішке барады. Себебі ол қарындасы, бауырлары үшін басын оққа байлады, – депті.

Сөз барысында Үбіс би сұрланып, қындағы қысқа қылыштың бәйенегін ағытып, сабын оң қолымен сығымдап ұстап отырған көрінеді. Бұл жайды бектің өзі де, нөкерлері де байқапты. Сол сәтте жапсарлас отырған бек қарсы жауап қайтарса, Үбіс бидің қанжары қақ жүректен қадаларын сезіп, біраз үнсіз отырады. Сәлден соң қайта сөз алып, былай дейді:

– Уа, Үбіс би, Сарманның жазасы ауырына ауыр, дегенмен ордаға бүгін өзің келіп отырсың. Саған деген құрметім деп біл, бір жолға Сарманның жанын қидым. Бірақ бұл екінші мәрте қайталанатын болса, саған да мұндай құрмет екінші рет көрсетілмейді, – дейді.

Артынша нөкерлеріне қаратып: «Бидің сыбағалы асын алып келіңдер» деп бұйырады. Міне, тарих бетінде қалған қамал қожасы мен Үбіс бидің оқиғасы аңызға айналып, ел жадында бүгінге дейін жаңғырыпты.

Орыс әскерлері 1853 жылдың шілдесінде Ақмешіт бекінісін басып алып, қоқандықтарды Түркістанға қарай ығыстырғаны мәлім. Осы орайда Қожанияз бектің теперішін көріп ашынған Тоғанас батыр бастаған қалың қол Қожанияз қамалын талқандаған. Қазақ әскерлері тірі қалған жау сарбазын тұтқынға алып, мерейі тасыған. Ал қазаққа соншама зәбір көрсетіп, қан қақсатқан Қожанияз бекті тірідей қолға түсіріп, қазыққа отырғызып, азаптап өлтірген екен. Мінекей, қандай да болсын қылған істің ақыры өз ақысын беретіні, әр әрекеттің қайтарымы болатынын тарихтың өзі осылай дәлелдеді емес пе.

А.БЕК,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

Сақтансаң, сақтайды

Сауда дүкендерінде қауіпсіздікті сақтайық

Жалағаш аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің қызметкерлері Жалағаш кентінің орталығында орналасқан сауда дүкендерінің кәсіпкерлеріне өрт қауіпсіздігі жөнінде түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Түсіндіру жұмысы барысында кәсіпкерлерге өрт болған жағдайда алғашқы іс-әрекет ету тәртібі, өрт сөндіру құралдарын үнемі жарамды күйде ұстау, сауда орындарының эвакуациялық шығу жолдарына бөгет жасамау, жүргізілген электр сымдарының жай-күйін үнемі бақылауда ұстау жөнінде өрт қауіпсіздігі талаптары айтылып, жадынамалар таратылды.

– Сауда дүкендерінің егелері, өрттің тілсіз жау екенін, адам денсаулығы мен өміріне қауіп төндіріп қана қоймай, үлкен материалдық шығынға ұшыратуы әбден мүмкін екенін түсінуі тиіс. Сондықтан өздеріңізге және айналаңыздағы адамдарға жанашырлық танытып, өрт қауіпсіздігі ережелерін қатаң сақтауға шақырамыз. Кішкентай қателіктің соңы үлкен мәселеге ұласып жатады. Осыған жол бермегеніміз дұрыс, – дейді сала мамандары

Сондай-ақ олар өрт болған жағдайда 101 немесе 112 телефонына қоңырау шалу қажеттігін қаперге салды.

«ЖЖ» ақпарат

Хабарландыру

«Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» 1998 жылғы 22 сәуірдегі Заңының талаптарына сәйкес, «Егінші» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (БСН 040240001656) құрылтайшыларының арасында кезектен тыс жалпы жиналыс өткізілетінін хабарлаймыз.

Күн тәртібінде:

«Егінші» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің мүлкін серіктестікпен құрылтайшылары арасында бөлу;

«Егінші» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің қайтыс болған құрылтайшыларының мұрагерлерін анықтау.

Жиналыстың өткізілетін орны:

Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Мырзабай Ахун ауылы Ә.Жүргенбаев көшесі №28 мекен-жайында орналасқан №122 орта мектептің жиналыс залы.

Жиналыстың өткізілетін уақыты:

2024 жыл 28 ақпан сағат 10.00.

Жалпы жиналысқа «Егінші» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің құрылтайшыларының бастамасымен шақыртылады.

«Егінші» ЖШС құрылтайшылары Алмат Омирбаев, Ерлан Базарбаев және серіктестіктің т.б құрылтайшылары

Аққыр ауылдық округі әкімінің азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін, оның ішінде осы мекеменің қызметкерлерін жеке қабылдауды жүргізу кестесі

№	Елді мекен атауы	Азаматтарды жеке қабылдауды жүргізетін лауазымды адамның Т.А.Ж	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері	Байланыс телефоны
1	2	3	4	5	6	7
1	Аққыр ауылы	Матаев Жаңабек Ұлықбекұлы	Аққыр ауылдық округі әкімі	Сәрсенбі 15.00-ден 19.00-ге дейін	Аққыр ауылы Ы.Ақмырзаев көшесі №40	8(724-31)41-4-44

Хабарландыру

Қызылорда облысының мамандандырылған аударалық экономикалық сотының 2024 жылғы 11 қаңтардағы ұйғарымымен «Аққұм Жер» ЖШС-ның келісім-шартты бұзу туралы жасалған келісім-шартты жарамсыз деп тану туралы ісі қаралатынын хабарлайды. Сот отырысы 2024 жылдың 23 қаңтарында сағат 15.00-ге белгіленген.

«Аққұм Жер» ЖШС атқарушы органы
БИН 041 240 001 123

Қабан батыр

Киелі Сыр өңірінде небір шешен-билер мен баһадүрлер, ғұламалар мен әулиелердің өткенін білеміз. Көбінің Ресей патшалығы мен Кеңес үкіметінің солақай саясаты салдарынан еңбегі елеусіз қалып, бүгінгі ұрпаққа дұрыс насихатталмай, тарихи келбеті көмескі тартып отыр. Түрлі құйтырқы амал қолданып, зиялыларды жою, қуғын-сүргінге айдау секілді әрекеттер талай жақсы мен жайсаңды орға түсірді.

Бүгін міне, Тәуелсіздіктің ақ таңы арайлап атқан шақта тарихи тұлғалар қайта тіріліп, әділ бағасын алуда. Ғалымдар зерттеу жұмысын жүргізіп, арыстардың теңдессіз ерлігін бар әлемге мәшһүр етіп келеді. Ат үстінде күн кешіп, майданда маңдайы жарқыраған баһадүрлер ерлігі де жер-жерде бүкпесіз, мақтаныш сезіммен айтылуда. Себебі ұланғайыр мекенді дұшпанға таптатпай, аман сақтаған қаһармандар егемен елдің іргетасын қалауға септескен ең маңызды тұлғалар еді. Бес қаруын асынып, егескен жауына есе жібермеген баһадүрдің бірі – Қабан батыр.

Қабан батыр жайлы зерттеулер аса көп емес. Сол себепті де осы жазбамызға Жалағаш ауданының құрметті азаматы Жақсылық Адамбаевтың мақалаларын негіз етіп алдық.

Ұрпақтарының дерегінше, тарихи тұлға 1830 жылдары дүниеге келіп, 1899 жылы өмірден өткен деседі. Батырдың дене бітімі орта бойлы, төртбақ денелі, жауырынды, бір өзі бір қойдың етін жейтін алып болған екен. Қаһарынан жау үркитін Қабандай ер Бұқарбай батырмен ағайын әрі ауылдас болған. Содан болар, қос тұлғаға қайсарлық пен табандылық тән болыпты.

Ол дәуірде Қоқан мен қалмақтар Сыр қазақтарына тыныштық бермей, жерін еншіліп, айдап, баласын құл, қызын күң қылып қиянат жасапты. Тіпті Жаңадарияға бөгет салып, ағыстың төменгі жағына су бермей отырықшы елді көшуге мәжбүр еткен көрінеді. Осындай озбырлыққа шыдамаған Мысық би, Бұқарбай батыр, Қабан батыр секілді тұлғалар халықты жинап, Қоқан әскерін аластауға кіріседі. Әсіресе аталған шайқаста Қабан батыр қайсарлық көрсетіп, жаудың біраз тұтқыны мен малын олжалап, халыққа таратып беріпті. Міне, елім деген ерлердің атымтай жомарт пейілі халыққа демеу болған екен.

Әңгімемізге өзек болған Қабан батырдың қалмақтармен ұрыста жасаған ерлігі туралы аңыз ел арасында кең тараған. Бірде қазақ-қалмақ кезінде болса керек, қантөгіс аз болуы үшін қос тарап екі-екіден батыр шығарып, жекпе-жек ұйымдастырайық, қай жағы жеңсе, жеңіс соныкі болсын деп уағдаласыпты. Сонда қазақтар жағынан бірінші жекпе-жекке Бұқарбай батыр, екіншісіне Қабан баһадүр шығатын болыпты. Шайқасқа аттанғалы тұрған Бұқарбай батыр Мысық биге келіп, бата сұраған екен. Сонда би: «Бұқарбай, бұл шайқаста жолың болайын деп тұр. Жолбарысың өзінен бұрын шықты ғой, Алла жар болсын» дейді. Сол шайқаста Бұқарбайдың айы оңынан туып, қарсыласын жер жастандырады. Келесі кезек Қабан батырға келіпті. Батыр Сәркенің немересі Байқадам батырдан бата сұрапты. Байқадам батыр: «Әлі қабырғаң қатпаған екен, обалыңа қалмасам болар еді. Бірақ сенің жүрегің мен білегіңнің күші бірдей. Талабың таудай, саған сенемін, атам Сәркенің әруағы жар болсын саған» деп демеу білдіріпті. Сонымен жекпе-жек басталып, шайқас ұзаққа созылады. Қос баһадүр де осал емес, бір-бірін ала алмай біраз айқасыпты. Екі жақ та шаршап, болдырған шақта Қабан қаһарман қалмақ батырының дулығасының астыңғы түймесінің үзілгенін байқап қалып, сол жерге найза салады. Сол сәтте қалмақ батыры аттан ауып, жан тапсырады. Шайқастан соң қалмақ әскері тым-тырақай қашып, қалғаны тұтқынға түседі. Осылайша қазақтардың мерейі үстем болып, жау бетін бір қайтарыпты.

Мінекей, қан майданда жауға қасқайып қарсы тұрған Қабан батырдың ерлік жолының бір парасы осындай. Әлі де ашылмаған сыр, жазылмаған оқиға, айтылмаған дерек мол екені түсінікті. Қаймана қазақтың жоғын жоқтап, барын қорғаған қаһарманның ерлігі бұдан да мол ізденіс пен тыңғылықты зерттеуді қажет етері айдан анық.

Д.ЖҰМАДІЛДӘ

Сараптама

Тұрмыстық зорлық-зомбылық тыйылмай тұр

Елімізде тұрмыстық зорлық-зомбылық неге азаймай тұр? Жас отбасылар арасындағы кикілжіңнің соңы неге ажырасумен аяқталуда? Әйеліне қол көтергендер заңмен жазаланса да неге жапа шегушілер көп? Осы және өзге де өзекті сұрақтардың түйінін бүгінгі мақаламызда тарқатамыз...

80-ге жуық әйел көз жұмған

Ресми ақпараттарға сүйенсек, елімізде жыл сайын 20 мыңға жуық әйел тұрмыстық зорлық-зомбылыққа душар болып, салдарынан кем дегенде 80-ге жуық әйел көз жұмады. 150 әйел ауыр жарақат алса, 200 әйел орта дәрежедегі, 4 мыңнан астамы жеңіл жарақат алады. Оған әйелге былапыт сөйлеу, қорлап тиісу, кемсіту және ұрып-соғу, соның салдарынан тыныштығын бұзатын басқа да әрекеттерге қатысты әкімшілік құқық бұзушылық істер санының азаймауы дәлел. Былтыр 10 айда тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін 50 мың адам әкімшілік жауапкершілікке, 700 адам

қылмыстық жауапкершілікке тартылған. Отбасындағы жанжалдың көбі жабулы күйінде, құқық қорғау органдары мен әлеуметтік жұмысшылардың назарынан тыс қалуда. Тіпті жүйелі түрде сабап, қорқытып, психологиялық зомбылық жасау жағдайлары да жасырын қалады. Себебі нәзікжандылар денеге тиген таяқты тағдырына балап, ажырасуды ұят деп ауыз ашпауда. Сарапшылардың жүргізген есебі бойынша, елдегі әрбір үшінші әйел отбасында жолдасымен келеңсіз қарым-қатынаспен бетпе-бет келеді.

Жәбірленуші өміріне немесе денсаулығына қауіп төнген жағдайда полицияның көмегіне жүгініп, полиция қызметкерлері келгенде арыз жазудан бас тартып жатады. Ал полиция қызметкерлері кеткен соң отбасындағы жанжал одан әрі ушығып, кейде бұл ауыр зардаптарға әкеліп соғады. Осыған байланысты 1 шілдеде күшейтілген жаза бойынша тұрмыстық жанжал туралы хабарлама түскенде полицейлер сол жерде болған оқиғаға құқықтық баға бере алады. Хаттама жасау үшін куәгерлердің, көршілердің айғақтары, бейнебақылау камералары мен полицейлердің өздерінің бейнетіркегіш жазбалары жеткілікті. Яғни жәбірленушінің кешірімі бұрынғыдай аса маңызды рөл атқара қоймайды. Ал соңғы шешімді сот қабылдайды.

Сотта құқық бұзушының жәбірленушімен татуласу мүмкіндігі бар, бірақ соңғы өзгертулер бойынша тек бір рет қана татуласа алады. Отбасылық жанжал үшін агрессорға ескерту жасалады немесе 5 тәулікке қамауға алынады. Қайта жасалған жағдайда 10 тәулік қамауға алу, ұрып-соғу фактісі үшін 10 тәулік қамауға алу, қайталанса, 20 тәулікке қамауға алу көзделген. Денсаулыққа жеңіл зиян келтіргені үшін 15 тәулік, ал қайталанса, 25 тәулікке қамау жазасы тағы бар.

2023 жылдың соңында Президент Жарлығымен тұрмыстық зорлық-зомбылыққа байланысты заң қайта күшейтілді. Заңда әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғау, сондай-ақ отбасылық құндылықтарды ілгерілету жөніндегі шараларды күшейту бойынша заңнамалық түзетулер әзірленген болатын.

Әкімшілік полиция комитетінің ерекше тапсырмалар жөніндегі аға инспекторы Ақмарал Серікбаеваның айтуынша, алдағы уақытта денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру және ұрып-соғу сияқты әрекеттер үшін қылмыстық жазаға тарту жоспарланып отыр. Сондай-ақ құқық бұзушының мінез-құлқына қойылатын ерекше талаптар шеңберінде сотқа «агрессорды» тұрғын үйден уақытша шығару құқығы беріледі. Оған әлеуметтік бейімделу орталықтарында өз іс-әрекетін ой-елегінен өткізуге мүмкіндік те қарастырылған. Мұнан бөлек сот басбұзарды денсаулық сақтау ұйымдарында міндетті психокоррекциялық курстардан өтуге де міндеттей алады. Осыған ұқсас ерекше талаптар Қылмыстық кодекс шеңберінде де белгіленеді. Сонымен қатар ішкі істер министрлігінде отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес жөніндегі мамандандырылған дербес бөлімше құрылады. Ол бөлімшелер тек тұрмыстық зорлық-зомбылық күресімен айналысатынын инспектор Ақерке Серікбаева ерекше атап өтті.

Аудандағы ахуал қалай?

Былтыр жыл басынан бері аудан көлемінде тұрмыстық зорлық-зомбылық аясында әйел адамға қатысты жасалған құқық бұзушылық бойынша 100-ге жуық отбасыдан хабарлама түскен. 2023 жылдың 12 айында аудандық полиция бөлімінің жергілікті полиция қызметі бөлімшесінің учаскелік полиция инспекторлары жеке бастың құқықтарына қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша ҚР әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 73 бабына сәйкес 93 тұлғаға шара көрілген.

Егер отбасында жанжал орын алып, әйелдің ар-намысына тиетін балағат сөздер алғаш рет айтылып, әйелі күйеуіне кешірім берген жағдайда сот құзырымен ескерту беріледі. Ал бұл жағдай қайталанса, 10-20 тәулік аралығында қамауға алынады. Бұл тұста жыл басынан бері аудан бойынша 37 азамат сот шешімімен қамауға алынған. Оның 15-і осы заң аясында бірнеше мәрте қамалған.

ҚР «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» Заңының талаптарына сай тұрмыстық ортада құқық бұзушылық жасаған адамдарға қатысты 77 қорғау нұсқамасы шығарылып, аудандық сотпен құқық бұзушылардың мінез-құлқына 22 ерекше талап белгіленген.

– Отбасы тұрмыстық қатынастар саласында жасалатын қылмыстардың алдын алу, оған жол бермеу мақсатында ІІО-ның профилактикалық және тізімдік есебінде тұратын тұлғалармен үнемі профилактикалық жұмыстар жүргізіліп тұрады. Педофил есебінде 2 азамат, бұрын сотты болғандар есебінде 17 азамат есепте тұрса, пробация есебінде 53, масқұнемдер есебінде тұратын еріксіз емдеу мекемесіне 2023 жылдың есепті мерзімінде 4 азамат маскүнем ретінде танылып, аудандық сот арқылы 6 айға Қызылорда қаласындағы мәжбүрлеп еріксіз емдеу орталығына жатқызылды. Әйелдерге қарсы жасалған зорлық-зомбылық бағытындағы жұмыстарды нығайту мақсатында тұрақты түрде түсіндірме жұмыстары жүргізілуде. Мәселен, қылмыстарға жол бермеуге бағытталған «Тұрмыс», «Қадағалау», «Зорлық-зомбылыққа жол жоқ», «Квадрат» сынды профилактикалық іс-шаралар жастар арасында құқықтық сауаттылықты арттыру мақсатында денсаулық сақтау, білім беру мекемелерімен бірлесіп, кездесулер ұйымдастырылды. Биыл жыл басынан бері ешқандай тұрмыстық зорлық-зомбылыққа байланысты жауапкершілікке тартылғандар жоқ, – дейді аудандық полиция бөліміне қарасты жергілікті полиция қызметі бөлімшесінің әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау тобының инспекторы, полиция майоры Ұлбосын Ахметова.

Баланы ұрма, сағы сынады

Ресми дереккөздерге сүйенсек, жыл сайын елімізде балаларға қарсы 2000-ға жуық қылмыс жасалады. Олардың ішінде кәмелетке толмағандарға қатысты 700-ден аса жыныстық қылмыс тіркелген. Яғни күн сайын кемі 6 қылмыс тіркеледі. Оның ішінде азаптау, ұрып-соғу, бопсалау, қасақана қауіп-қатерге душар қылу сынды оқиғалар жиі кездеседі. Сондай-ақ 1 жыл ішінде 150-ге жуық сәби қараусыз қалғандықтан көпқабатты үйлердің терезесінен құлап кеткен. Мұнан бөлек жыл сайын 4 мыңнан астам бала бейімдеу және оңалту орталықтарына жеткізіледі. Ал ауданда 2023 жылы қаңғыбастыққа салынып жүрген 4 жасөспірім анықталып, Қызылорда қаласындағы уақытша бейімдеу орталығына орналастырылып, 2 қолайсыз отбасы есепке алынып, олармен тиісті профилактикалық жұмыстар жүргізілуде. Ал аудан бойынша өгей анамен тұратын отбасы саны – 14, бала саны – 21. Ал өгей әкемен тұратын отбасы саны 56 болса, бала саны – 76. Осы орайда ауданда өгей ата-анадан қорлық, зорлық көрмеу мақсатында ұйымдастырылып жатқан жұмыстар көп. Әйтсе де кей балалар өгей ата-анасынан емес, туған әке-шешесінен зорлық-зомбылық көруі кей отбасыларда жиі орын алып жатады. Әрине бұндай жағдайдан кейін баланың бойын үрей билейтіні рас. Балалардың қорқу, ұялу сынды себептерімен кей қылмыстар жасырын қалуда. Иә, бала – біздің болашағымыз, еліміздің ертеңі. Ендеше балалардың өмірін қорғау, болашағын жарқын ету ата-аналардың қолында. Отбасындағы ата-аналар мінезі мен сыйластығы баланың үлгі алатын нысаны екенін ұмытпаған жөн.

Психологтар не дейді?

Тұрмыстық зорлық-зомбылық қазіргі таңда қоғамда өршіп тұрған өзекті мәселеге айналды. Үйде орын алған дау-дамайдың бала психологиясына кері әсерін тигізбей қоймайтыны рас. Мамандардың айтуынша, үйінде психологиялық қысым көрген бала, мектепте жиі тәртіп бұзады. Отбасында ата-аналар арасында орын алған кикілжің мектептегі баланың оқу үлгеріміне, тәртібіне тікелей кері әсер етені де жоқ емес. Психолог мамандардың айтуынша, ата-ана арасындағы зорлық-зомбылыққа куә болған балалар әдетте өзін-өзі төмен бағалап, ашушаң, әлсіз, мазасыз болады.

– Бала не нәрсені де үйден үйренеді. «Бала ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деп бекер айтылмаған. Ата-анасының ұрыс-керісін, ұрып-соғуын көріп өскен бала зорлық көрсетуге бейім болып өседі. Ол ашуын, ренішін ата-анасына айтып, көрсете алмағандықтан мектепте сыныптас достарына жиі мінезін көрсетіп, болмашы нәрсеге ашуланшақ болып келеді. Бала тәрбиесі бүгінгі күннің өзекті мәселесі деп ескеріп, балаға мейлінше дұрыс бағыт-бағдар беріп, тәрбиелеуіміз керек. Қазіргі ата-аналар телефонға телміріп, баламен сөйлесуден қалған. Әсіресе жұмысбасты ата-аналардағы кешкілік жұмыстан келген сон баласымен мүлде сөйлеспейді. Баланың үйі, төсегі, киімі, тамағы, оқуға қажетті құрал-жабдықтары түгел болғанмен, рухани қажеттілігі ақсап тұрады. Баламен ашық сөйлесу, ақылдасу, сырласу, жеке шекарасын құрметтеу арқылы тұлға ретінде қалыптастырып, баланы зорлық-зомбылықсыз ортада өсіру қажет. Бала естігенді емес, көргенін істейтінін ескерсек, бала тәрбиесіне салғырт қарамағанымыз жөн, – дейді Әл-Фараби атындағы №201 мектеп-лицейінің педагог-психологы Гүлжайна Бегімова.

Түйін: ***«Тәрбие тал бесіктен басталады» демекші, отбасындағы ұрпақ тәрбиесі қоғам үшін қашан да маңызды. Бүгінгі таңда өзекті мәселеге айналған отбасындағы зорлық-зомбылықпен жалпы қоғам болып күресуіміз керек. Халқымыз қашанда ер-азаматқа қара шаңырақтың иесі, асқар тау деп қарап, әйел адамды отбасының алтын қазығы деп бағалап, ерекше құрмет көрсеткен. Ендеше бейбіт елде, ынтымағы жарасқан халықпен үлгілі отбасын құру өз қолымызда екенін естен шығармайық.***

Ақтоты БҮРКІТБАЙ



Иә, бұл да демін ішіне тартқан қазақ тарихының қанкешті бір парағы. Бордай дейтін әжеміздің басынан өткен қилы оқиғалар. Болған жайды болған күйінде баяндап беруді жөн көрдік...

Ана жүрегінің қуаты

Өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдары. Арқаның қысы арқырап тұрған уақыт. Елге оба дейтін дерт тарап, бір төбенің айналасын қыстап отырған ағайынды төрт шаңырақтың отағасы, үлкендері баудай қырылады. Бордай әжеміздің күйеуі, төрт ағайындының кенжесі Тасболат та қайтыс болып, жесір қалады. Онымен қоса Тасболаттың басқа ағаларынан қалған он жасқа толмаған балалардың өзі жиырмаға жуықтайды. Оған өзінің ұсақ балаларын, өзге ересек балаларды қосқанда қырыққа тақау жан қалады. Бас қалқалары – Бордай әжеміз және Тасболаттың тұңғышы 20 жасқа енді ілінген Байділда. Біреуді біреу білмей мәңгірген, әркім жанын сақтап қалуға қам қылған заман. Сонда Бордай әжеміз мұнда еш туысы жоқ панасыз қалған балаларды бір жағы обадан алып қашып, бір жағы аталары өскен жұртқа апармақ болады. Түрлі жағдаймен Арқаға ауып келген төрт ағайындының ата мекені Сыр өңірі екен. Енді мынау Арқадан сонау Сырдың бойына бармақ.

Әттең, осы күннің көлігімен бір-ақ күнде жетер жер ғой дейсің. Шиқылдаған сарауыз балапандардың бірін-біріне мінгестіріп, бірін кебежеге салып, бірі жаяу дегендей шұбыртып көшкен көш 3-4 ай жортады. Ондағы азап пен қасіретті адам айтып тауысқысыз. Балалар шетінен шетінейді. Тіпті түйедегі кебежеге салып қойған Бордай әжеміздің Айсұлу, Күнсұлу дейтін екі қызы бір-біріне асып қараймыз деп бірін-бірі түйенің астына алып түсіп опат болады. Жол бойы адам көміп отырып арып-ашып, өліп-талып Сырға жеткенде өлгі адамдардан 7-8-і ғана қалыпты. Келген соң ауа жақпай тағы өліп, ең соңында Бордай әжеміз, Байділда, үш-төр жасар бір бала және омыраудағы сүт кенжесі Сәдуақас қана қалыпты. Біраз уақыт өтіп үйренісіп, «енді өлім осымен тоқтап қалар» деп үміттеніп отырғанда көшті бастап келген Байділда да қайтыс болады. «Жа-жас болып оншама жерден бұ жаққа балаларды бастап қалай келді екен?» деген елдің сөзі тиді ме, көзі тиді ме, Байділдам ауырмай-сырқамай қайтыс болды ғой, қарғам!» дейтін көрінеді әжеміз.

Қабырғасын қайыстырған қайғыны көтеріп, қалың жұрттың ішінде бұлар да тіршілігін жалғайды. Сол Сырдың бойында 1941 жылға дейінгі қазақ не көрсе соны көріп өмір сүріп жатады. Ішіңіз сезіп отырған шығар, аяқ астынан бұрқ ете қалған алапат соғыс әжеміздің жалғызы Сәдуақас пен қайынын солдаттар қатарына іліп әкетеді. Бордай әжеміз мәңгіріп қалыпты дейді сонда. Баласын құшақтаған қолдары тас болып қатып үн-түнсіз отырып қалыпты...

Сәдуақас кеткенде үйде бір жылқы, бір сиыры бар екен. Бордай әжеміз сол екеуін күндіз-түні күзетеді дейді. Біреу-міреу алып кетеді десе керек, «Сәденнің аты, Сәденнің сиыры» деп оларды үйге кіргізіп алыпты. Қора емес, үйге. Суды алыс өзеннен иінағашпен әкеліп суарып, кейде тіпті құшағына балта қыстырып өзі босағада жатады екен. Біреуге қаралы қағаз келіп жылап, біреудің қаралы ұлы келіп жылап, ел күнді күнге, түнді түнге жалғап жылаудан көз ашпаған ауыр кезең. Көп уақыт өтпей-ақ қайнысы жайлы да қара қағаз келіпті. Қайғы онан сайын қалындап, үрей онан сайын үдеп Бордай әжеміз де құдайдың құтты күні жылаумен болады екен.

Бір күні кеште Бордай әжеміздің үйіне көршілері кіріп келеді. Орнынан атып түрегелген әжемізге қуанышты хабар айтады. «Сәдуақас, Сәдениіз келді, апа!» -деп сүйіншілейді. Сол кезде күтпеген оқиға орын алады. Әжеміз талып қалыпты. Кейін өзі айтады екен: «Бір есімді жисам, қазан жақта адамдар жүр екен. Сәденіме сақтап жүрген сарымайым бар еді, соны ұрлап жатыр екен деп орнымнан тұрайын десем қозғала алмаймын. Одан қайта ұйықтап кетіппін. Түн болып кетіпті. Есімді енді толық жинап қалған секілдімін. Бағана келгендердің сөзі есіме түсті. «Сәденіңіз келді!» деп еді ғой. Сәденім менің төсегімнің алдында жататын. Келсе сол жерге жатады ғой деп қарасам, құдайым-ау, жатыр сол жерде! Қорылдап ұйықтап жатыр. Сенер емеспін. «Сәдеңіңмін» деп келіп Сәденнің атын алып кеткелі жүрген біреу болмасын, – деп ойлап қоям. Содан кейін төсектен түсіп ақырын аяғын сипаласам Сәденім секілді. Сәденнің оң жақ аяғында бала күнінен қалған болмашы ғана ай секілді тыртық бар еді, қолыма сол іліне кетпесі бар ма! «Сәден-ау, Сәденсің бе?» десем «Апа, мен келдім» дейді. Құдай-ау, шын екен. Құшақтай бергенім сол еді, мен бейшара қайта талып қалыппын ғой…».

Сөйтіп, әжеміз жалғыз ұлымен қауышады. Ары қарай өркенді өмір басталады. Сәдуақас Күләш деген тәрбиелі, көргенді қызбен үйленіп, екеуі аналарын өмірінің соңына дейін алақандарына салып әлпештейді. Сәдуақас та айнала жұртқа аяулы, кісілікті, ерен азамат екен. Құдай тілегін беріп ұрпақтары өсіп-өркендейді. Қазір қара шаңырағы тамыры терең, жапырағы жайқалған теректей мәуелі әулет. Қызылдорда облысы Сырдария ауданында тұрады.

Он құрсақтан бір жалғыз қалып, бір жалғызы соғысқа кетіп, Алла аман сақтап қалған Бордай әжеміздің Сәдуақасынан қайта қаулап өскен өрендер, Төлегеннен төртеу, Сансызбайдан бесеу, Рәбиғадан алты бала өмірге келіп, олардан немере-шөберелер тарап қазір де бір қауым елге айналған.

Сыр сүлейі, арынды айтыс ақыны Нұрмат Мансұрдың үйінде отырғанда анасының ағытылып айтқан осы әңгімесі көкірекке көп салмақ салды. Міне қызық, осы оқиғаны баяндаған Нұрматтың анасы Рәбиға сол Сәдуақастың жалғыз қызы екен. Көкейімнен кетпей қойған осы әңгімені көпке жеткізуді міндет санадым. Өткен-кеткенді әңгіме қылғанда Бордай әжеміз: «Мен қанша жыласам да Аллаға еш налыған емеспін, жалынып жақсылық сұрай бердім. Кейін ойласам Алла берген жақсылық деген сол күш-қуат екен ғой…» дейді екен. Үзіле жаздап жалғанған текті әулеттің ошақ оты маздай берсін! Құдіреті күшті Алла тағала аналар жүрегінің қуатын арттыра бергей!

Ұларбек НҰРҒАЛЫМҰЛЫ

Меншік иесі:
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел:. 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша
31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08
телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2840 Тапсырыс № 112

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru

Кезекші редактор: Ақтоты БҮРКІТБАЙ